

Г.С. БАЛТАБАЕВА

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ВИРТУАЛЬДЫ ОБРАЗДАР

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры. Қарапайым қарым-қатынастың өзі жаппай виртуальдық сипатқа ие болған заманда бұл виртуальдылық сипаттың қоғамның әр саласына, соның ішінде өнер мен мәдениетке де есеп етуі заңдылық.

Тұрсынжан Шапайдың «Дос», Г.Шойбекованаң «Адамгершілік», «Шындық», Асқар Алтайдың «Тұсік» т.б. әңгімелері адам болып жарапғалы айтылып та, жазылып та, болашакта да жазылатын мәңгілік тақырыптар – адамгершілік, мейірімділік, жалқаулық, пендешілік т.б. сөз болады.

Т.Шапай өзінің әңгімесін «Менің бір досым бар еді. Жаңымдай көретін досым еді. Мен сол досымды жоғалттым...

Мен одан айрылғалы қай заман – кейде «сол дос өмірде болып на еді?» деп күдіктенем. Бірақ анық болған... » [1, 282 б] деп автор досы барда кейіпкерінің өмірі – той, жсаны – жай еді. Жастығы мен жаралылығы сол досымен көрікті болып, салт атты, сабау қамышылы күнінде сол досымен дүниесі түгелденіп, үйі – қызық, түзі – думан, уайым-қайғысы жоқ, дүниедегі ең бақытты жсан болатұғын Ал қазіргі досын жоғалтқаннан бері күні қараң болғандығын, қуыс кеуде пендеге айналып, сүрексіз күндері өтіп жатқандығын – кейіпкерін бір өкініш, бір сарғайған сағынышқа салып өкіндіре мүңайтады.

«Оны жоғалтқанымды кеш, тым кеш байқадым. Түр-өнін ұмытыппын. Аты есімде де қалмапты. Мен сол досымды кейде түсімде де сағынып, жылап ояңған күндерім болды... бейнесіз бір елестің сағынышы құса қылды. Дидары қандай, аты-жөні кім еді – мәлімсіз. Ауаға сызған сурет сияқты – бейнесіз...» [1, 195].

Тұрсынжан Шапайдың кейіпкерінің сағынышы бір бөлек, елден ерекше өз алдына бет-бейнесі де жоқ, елес тәрізді досын іздең шарқ ұрады. Автор сол бір ұмыт болған досы бардағы өмірі, тіпті кейіпкердің өзі болмысы, танымы қандай еді, ал сол жұмбақ елеске айналған досы жоқтағы көрген күнін қарама-қарсы қою арқылы суреттейді.

«Менде дос-жаран көп. Менде жасау да жетерлік. Бірақ барша тілеулесім, күллі дұшипаным бірігіп, сол Досымның орнын толтыра алмады. Досым боліспеген қуаныш қайғыга татыды. Доссыз көрген қызық – шылжық болды. Досым ортақтаспаған байлық штке тартқан табақтай қадірсіз екен... Мен бақытсыз едім. Қанагат, бақыт аңсан шарқ ұрдым. Маган она бермеген тәркі дүниеге қолды бір сілтеп, басым ауган жаққа тартып отырдым... Тарғылдана жініккен құмар дауыспен ән күйлеген сайтандарым Досымнан ұзатып әкетіп, ақыры, сол құздың жисегіне алып келіпти.» [1, 196].

Суреткер көрген қызығы қызық емес, бақыты баянсыз болып, істеген ісінде берекесі болмай қиналған бейнесіз Досын жоғалтқан кейіпкерінің бұл мәні жоқ қүйкі тірлігіне жаны ашиды. Жазушы шығарманы әу баста бастағаннан -ақ ой желісін біртүрлі өзгеше желіге құрайды, оқырманға белгісіз жұмбақ досын жоғалтып шарқ ұрып, жаны байыз таппаған лирикалық кейіпкер де өзгеше, ал ауаға сызған суреттей бейнесіз аты барда заты жоқ оның Досы да бір түрлі. Не істеп, не қойып жүргенін өзі білмейді.

«... Тубінде айдаңар жалды толқындары бұрқап, күнірене жөңкіген шыңырау шатқалдагы тағдырыма үңіліп, ұзақ тұрдым. Басым айналып, өзімді өзім ұмытып, жан дүниемді баураган бір тәтті ырықсыздықпен шыңырау тубіндең бұрқап жаса тағдырымның күніренген сарынына елтіп тұрмын..

... Иығыма біреу ақырын гана қолын салды. Алақаны жып-жылы... Кенет ауыр жүктен арылғандай жсаным жай тауып сала берді. Өксік буган тынысымды терең алып күрсінгенде, бар ғаламның қайғысы көкірекімнен қопарылып бірге шыққандай, дертімнен құлан- таза айықтым.

Айдаңардың лебімен үйіре тартып, жыланның көзімен арбай телмірген шыңыраудан жсанарымды үзіп, кім екен деп, жайлап бұрылып, бетіне қарадым. Көзімнен жасап-жарық, жып-жылы шуақ төгіліп, күлімсіреп, жузіме үңіліп тұр... Сол!..

- Эрине – Сол!

- Сен... Сен...

-
- Атын есіме түсіре алсамы...
 - Баяғыда-а ұмытылған, жалғандагы ең мейірімді, ең кемеңгер, ең қамқор, түсімде көретін бейнесіз сағыныш кейіпті сақы Досым мені көп қинамай, есімін өзі айтты:
 - Тәуба... » [1, 196].

Жазушының шеберлігінің өзі осы жоқ, көзге көрінбейтін нәрсені көркем бейне персонажға айналдыруы. Автордың бірінші жақтан суреттеп алып отырган кейіпкерінің байлықтан, тәубесінің жоқтығынан басы айналып, өзін-өзі ұмытып, құрдым-тұңғықтың ой-санасын билеп, бар еркін қылғытып жұтып, бір ұнсіз тас-түнектің меніреу құшағына құлаттай, досы аман алып қалады. Авторлық танымның түйер түйіні – барша адамзат баласына әрқашан да осы бірде бар да, бір де жоқ, әрқайсымыз әлсін-әлсін жоғалтып алып, іздеген кезде таба алмай, қолымыз жетпей сарылып іздейтін Досымыз – ТӘУБӘден айрылмалық, ажырамалық деген ой. Атам қазақ айтқандай, «Тәубемізді ұмытпалық» және ешқашан Алла тағала бізді тәубемізге түсірмей-ақ қойсын! Мейілі бай болайық, жарлы болайық досымыз ілләйім – Тәубә болсын деген идея.

Иrrациональды сипат Т.Шапай прозасына етene тән. Пәлсапа мен ғибратка құрылады. Тегінде оның құллі прозасында қазақтың ұлттық әдебиетіне ежелден тән негіз, ұлттық дүниетанымның түйіні, қазіргі тілмен айтқанда менталитет көрініп тұрады. Мысалы қазақ халқының макал-мәтелдерінің түбінде түйіршіктелгендей сезілетін қара елеңі жатыр. Бұл әңгімеде Дос кескінінде рухани ұлы қасиет, адамшылық ділі беріледі. «Досым мені көп қинамай, есімін өзі айтты: – Тәуба».

Бірінші жақтан баяндау автордың сүйікті тәсілі. «Жастығым, жарлылығым сол досыммен көрікті еді». Бұл өзімшілдікті өмірдің шарты санайтын адам «менінің» таза кезі. Адам баласы араны ашылып, тәубасын жоғалта бастайды. Содан жаны азап шегетінін өзі де байқамайды. «Бейнесіз бір елестің сағыныши құса қылды». «Көң домалатқан қоңыздай тірнектеген тірлігім, ақыры, рәссау бол желге үшты». Бұл да қазақтың ұлттық дүниетанымы: «дүние боқ, дүниеқоңыз».

Автор өзара ұқсас, жылғалас, бір айдынға құятын өзеннің салалары тәрізді бір сарынды әңгімелерінде бір мотивті жіңі пайдаланады. Ол жалғыздық әбден бүріп, жанын күйзеліс, тұңіліс, сары уайым мендеген адамның өмірдің мағынасын ізде аласұруы. Тылсым сарай, айна, көл, сайтан, әулие – бәрі де бір «жан дүние» – «менінің» түрленген атаулары. Кейіпкер ұдайы шынырауға, көлге, лабиринт сарай, сиқырлы айнаға қарай береді. «...бар ғаламның қайғысы қөкірекімнен қопарылып бірге шыққандай, дертімнен құлан-таза айықтым» – бұл осы әңгімегегі адам тәубесіне түскенде табатын жан рахаты. Тегінде автор сайтаның арбауынан шығуға қимайтын шәкірт, яғни мұсылмандылықты басыбұтін қабылдай алмай жүрген, иманы толық емес, скепсистен кетуге дәрменсіз атеист сияқты әсер қалдырады. Бұл біздің қоғамның ортақ болмысы.

Е.Батпановтың «Жанымдай көретінім жауым екен» атты мөлтек әңгімесі де лирикалық кейіпкер өзінің досы, жан жары туралы сыр шертеді.

«Бала кезімде оны қатты жақсы көретінмін. Ол менің қасымнан бір сәтке де қалмайтын. Екеуіміздің басымыз қосылса, тус ауганша ұйықтауыш едік. Сол үшін анамнан талай ұрыс та естідім. Алып-ұшып тұратынбыз. Ойлайтынымыз тек ойын еді. Үйге қарын ашқанда бірақ оралатынбыз. Қашан да бірге едік. Бірақ үй шаруасына келгенде оны қасымнан таппай қалатынмын. Болған күннің өзінде, «қойши, соны істемей-ақ қойсаң етті, тасташы бәрін» деп, мені екі ишегімнан басып тұрып алатын» [2].

Автордың кейіпкери арман қуып, қалаға бала күнгі жан досын бірге ала келеді. Оқуға түспекші болған оны ДОСЫ «қойши, қайтесің оқуды, басыңды қатырып торт жыл қалай шыдамақсың» деп айнытып тастайды. Оку оқымай күзетші болып жұмысқа тұрғанында да «бүгін бармай-ақ қойсаңши, бір күн тук еттейді» деп ол ақыры жіңі қалғаны үшін, жұмыстан да шығып қалады. Былай қарап отырсаныз автордың айтып, баянданап отырганы бәрімізге ете таныс жағдайлар тәрізді болғанымен, авторлық шешім басқада.

«...Сойтін ол, ол екеуіміз қатты сөзге келіп қалдық. Ол маган: «Менен жұмысың қымбат болса, онда бар, жолың ашық» деді. Ұрыс-керіс күн откен сайын жисілеп кетті. Ақыр соңында екеуіміз екі айрылдық Аракатысымыз біржсолата үзілді. Кейін ойлат қарасам, мен ол үшін бәрін жсогалтыппын. ...Оқуды да оқымадым. Жұмыс та жаійина қалды. Қысқасы, ол маган қын-қызыл зияннан басқа еш пайда келтірмепті. Мен оны жсанымдай жақсы көріп жүрсем, жауым екен. Соның аты да қызық еді. Иә-иә, оның аты ЖАЛҚАУЛЫқ болатын...»

Сонымен Ерлан Бапанов ЖАЛҚАУЛЫҚҚА жан бітіріп, Т.Шапайдың досы (ТӘУБӘ-ге) ұқсас оны тірі образға айналдырады.

Г.Шойбекованаң «Адамгершілік» атты әңгімесі «... күндердің күнінде, дүниенің бізге беймалім бұрышында таңың шығындағы нұрлы, масаның үніндей мұғлы, тамшының дыбысындағы сырлы бір қарт дүниеге келіпті. Оның ерекшелігі – күн өткен сайын жасарады екен. Адам баласының барлығын жақсы коргені соңшалық ол өз бойындағы мейірімін жер бетіндегі жандарға әлі күнге үлестірумен келеді екен. Бірақ оның үнін ешкім құлақтарымен естіп, жүзін көздерімен көрмепті. Ол өз ойын, ақыл-парасатын қалаған пендесінің санасына ену арқылы жеткізеді екен. Оның дамылдайтын мекені де болмапты, тек өзі аса қадірлейтін адамдарының жүргегінде аз гана мызғып алып, ары қарай сапарын жалғастырады екен.

«Сол қарт күндердің күнінде менің жүргегіме келіп, көз шырымын алған болатын» [3, 4], – деп автор шығармасын ертегі айтып отыргандай ерекше бір формамен бастайды. Бірақ ертегі дейін десен өртегі емес. Жазушы шағын әңгіменің жұмбақтау түрін таңдалған алыпты. Бірінші жақтан баяндалған әңгіменің ерекшелігі – ертегі дейін десен өртегіге, кейіпкер бейнесінің екіге жарылуы дейін десен оған келмейтін виртуальдылық.

Автор адам бойындағы ізгі қасиеттерді кейіпкер етіп алып отыр. Жалан уағызыдаумен адамгершілікті әспеттемейді. Керісінше аталмыш қасиетті жабысқақ адамды мезі ететін мінез иесі ретінде суреттеп, айтпақ ойын ым, ишаратпен оқырман талқысы мен пайымына оқиға желісін ширагу арқылы жеткізеді. Алғаш кейіпкер бойына қаусаған шал кейіпінде келіп, бірте-бірте жасарып жігіт ағасы жасына келіп не қартаймай, не жасармай қатқан қалпында қалады. Басқан ізін аңдып, өмір сүруге мұрша берер емес. Арапаспайтын ісі жоқ, қызық қуса да, қызметте болса да, мейілі жолда болса да кесе көлденендең қадамын қия баstryмайды. Тіпті өтірік, өсек, құлық пен ұрлықтан қатты қызғанады.

«– Мені осыншама бұғауда ұстайтындаи не жазығым бар?! – деп сұрадым әбден шыдамым таусылған күні.

– Мен сені қажыттым білем?

– Иә, мені әбден шаршаттыңыз. Сіз келгелі менен қызық та, қызмет те қашты. Мен тек қайырылымдылықпен, ададықпен өмір суре алмайды екенмін.

– Пенде екениңді мойындағың-ау! – деді ол күрсініп» [3, 5] деп қаламгер кейіпкер мен адамгершілік арасындағы виртуальды диалогты өкпе-наз түрінде береді. Г.Шойбекованаң кейіпкери адамгершіліктің өз жүргегіне мәнгілік мекендең қалуынан сескеніп отыр. Бұл диалогтан өмірдің ашы шындығын көреміз. Автордың кейіпкери адамгершілік жүргегіне қонақтағалы бері күні қараң болып, тек қайырымдылық, шындықпен алысқа бара алмай жүрген пұшайман халы шынайы суреттелген. Ал Адамгершіліктің де жағдайы мәз емес, оның өз уайымы өзінде.

«–Жалғыз сен емес, адамдардың барлығының жүргегінен осындаи жайлыш орын іздеймін. Неге екенин, ешбір адамга жамандық жасамасам да адамдар менен тез жалығады. Мен бәрібір адамдарды шексіз жақсы көрүмді тоқтата алмақ емесспін...»

Осылай ұзак-сонар әңгімесін айтып жатып, көзі ілініп ұйықтап кетеді. Ұйықтап кеткен Адамгершіліктің қол-аяғын байладап, арамдықпен байып, ақшамен абырай жиган досына сыйға тарту етеді.

«Ол кеткелі менің бар шатттығым қайта оралды.

Рахат-ай»

Өтірігім де, өсегім де, құлығым да, сұмдығым да мені ұмытпапты. Сескене-сескене барлығы да маған адап қызмет етуге қайта оралды» [3, 5 б].

Автор шеберлігінің өзі көзге көрінбейтін бірақ әрқашан біздің қасымыздан табылатын, жарты өміріміз құлық, сұмдық, өсектен тұратындығын мойынданда отырып, пендешілікке салынбай рухани тазалығымызды жоғалтпай адамшылық бет-бейнемізді мөлдір болмаса да таза ұстаяға үндейді. Г.Шойбекова адамзат баласына жақсы -жаман қасиеттеріне жан бітіріп, тірілтіп оларды да адами келбетке келтіреді. Дегенмен жақсы қасиеттер, мәселен, адамгершілік адам жүргегіне үлкен сеніммен келіп орнықса, біздер одан тез жеріп, құтылғанша асығатынымыз неліктен? Ал жаман қасиеттер – құлық, сұмдық, өсек-өтірік адами болмысымызды, санамызды сескене, ақырынғана мәнгілікке жаулап алса да біз кетері емеспіз. Артынан өзімізден өзіміз шошып, «аты түрмәк, бет-бейнесін ұмытқан Тәубе деген досымызды» [144] іздей бастаймыз. Жазушының кейіпкері де асарын асап, жасарын жасап

қартайған шағында бір кездегі әрең құтылған қазір жасарып, сәби қалпына түскен АДАМГЕРШІЛКТІ кездестіреді.

«— Мен ата-анамды таптым, — деді қуанышпен. Экемнің аты – Ар, анамның аты – ҰЯТ еken. Намыс деген інім бар. Ол күн откен сайын қартаяды, сондықтан да адамдарга менен ғөрі жсақындау. Ал мен анамның құрсағына кетіп барамын.

Осы сәт менің жүргегімді қимастық па, алде откенге деген сагыныш па, өзіме де түсініксіз сезім билеп алды.

— Кептесіп», — дедім оттініп. Маган қайта келиші. Сен бар кезде өзімді жсақсы көруши едім... Өмір бойы алдилеп оттейін, оралиши маган...», – [3, 6] деп аяқталады.

АР+ ҰЯТ+ НАМЫС=АДАМГЕРШІЛК=

**** қартайған көрі шалдың ***** жігіт ағасына*** жас сәбиге*** ана құрсағына айналуы.

Авторлық шешім көріні жасқа айналдырып отыр. Не мақсатпен? Адамгершілік бұдан былай ана құрсағынан өз бастауын алады. Адамгершілік ана сүтімен әр адамның бойына тарайды және ол ана құрсағында болғандықтан ешқашан қартаймақ емес.

Г.Шойбекованаң осыған және Т.Шапайдың «Тәубасына» ұқсас тағы бір әңгімесі бар. Ол әңгіме – «Шындық» деп аталады. Ұқсас дейтініміз, шығарманың басталуы бір стильмен басталады. «Қайда және қашан екені белгісіз ол тіршіліктің белгілі бір нүктесінде дүниеге келіпти», – деп бір ізділікпен басталатын әңгіменің бас кейіпкері де - көзге көрінбейтін, түр-келбеті де белгісіз, бірақ бар екені анық, бәрімізге белгілі де белгісіз – Шындық еді. Бірінші жақтан баяндалып, Шындық өз басынан кешкенін баяндайды. Дегенмен сюжет желісі бөлек. Егер Т.Шапай «Досының (ТӘУБА-ның) атын ұмытып, сол беймәлім досын іздең шарқ ұрса, Г.Шойбекованаң бірінші әңгімесіндегі қартайған «АДАМГЕРШІЛГІ» ана құрсағындағы жас шаранаға айналса, мұндағы бас кейіпкері – «анасынан тұғаннан Жалаңаш» жүреді екен. Бірақ ес жия келе адамдар сұқтана қарап, біреулері жанға бататын жаман сөздер, енді біреулері ақыл айта берген соң, жалаңаш тәнін сыртқы ортадан жасыра бастайтын болды.

«Ақыл ойлан, тілі шыға бастап еді, оны да басқаша қабылдады бұл адамдар. Ол тағы да жол тапқысы келіп, әр жерде әр түрлі сөйлеуді аздан болса да өз өміріне енгізуге тырысты, яғни ортаға қарай икемделе бастады. Бірақ ол сөйлесе адамдардың бәрі өзінен секем алып, қашақташтынын сезді. Оның жасына батқаны да осы еді. Ол адамдарды жсақсы көретіні социалық, олар теріс айналған сайын бұл жсақындаи түскісі келеді. Бірақ оған ешкім қарамады, қарамақ түгелі төбесі көрінгеннен қаша жөнеледі шіркіндер. Байқаусыз жасын келіп қалғаны көрмегенсіді, көрмеуге тырысады. Ол амал жоқ тағы да адамдарға әдемі көрінудің жолын іздейді. Ол көп ойлан, ақырында көріксіз бет-жүзін бояп көруге бел байлады.» [3, 42] Автордың кейіпкерінен адамдар жерініп, жатсынған сайын жалғыздыққа бой ұрады.

Жалғыздықтан қашып, адамдарға бір табан жақын болу үшін бет-жүзін бояуға (маска киүоге) мәжбүр болып отыр. Адамдар «ШЫНДЫҚТАН» қашып жүр. Олар өзінен қашықтаған сайын, «ШЫНДЫҚ» жақындағысы келеді. «Боянып» алған оған енді адамдардың өздері өлеғашық болып, шыбын жандарын қилюға даяр. Бірақ «ШЫНДЫҚҚА» өзінің шын бет-бейнесін білмейтіндіктеріне жанын қатты күйзелтіп, уайымдайды. Жасанды бояудан да жалықты. Жуып тастап, бояусыз жүрейін десе адамдарға ұнамай қалам ба деп қорқады. Жумайын десе әбден қажыды.

«Әбден шыдамы таусылған күні моншага барды да армансыз жуынды -ай келіп. Бет-аллетінің бояуынан түк қалмады, сосын сулықпен асықтай сүртінді де киім жалғанның бәрін түгел үйдің шетіне жинаады. Жинаады да от тұтатты. Сонан іліп алар лытасыз, тырдай жасалаңаш көшеге беттеді. Өзінің шын кескін-келбетімен, шуберек-жасамаусыз шын тәнімен жасалаңақ адымдады. «Ой рахат-ай!» деді оның мың-мың жүрек тұнығынан көтерілген көрмек ой жасық дүниеге келе бере тәп-тәтті күйге боленіп» [3, 43].

Жалпы қазақ тілі қолданысында бүркемесіз шындық, боямасыз шындық, т.б. деп қолданып жүрміз. Суреткөр шеберлігінің өзі осы Шындық сөзінің сын есімдік тілдік қолданысынан айшықты прозаның сюжет желісін шығара білуінде. Тілдік қолданысымыздығы - Бүркемесіз шындық, авторлық танымда көрісінше – киім-кешек киген, үстіне шуберек жапсырган - Бүркемелі шындыққа, ал боямасыз шындық – қаламгер шығармашылығында көрісінше боямалы шындыққа айналған.

Авторлық таным «ШЫНДЫҚ» әрқашан да бүркемесіз, боямасыз болса екен,

«...Мұндаіда артынша «моншага» түсіп, ой шір-кі-ін аппақ болады-ай бір.

... Эбден шыдамы таусылған күні моншага барды да армансыз жуынды-ай келіп», - деп қаламгер кір болып қалған кейіпкерін (ШЫНДЫҒЫН) жуындырып әлеқ, бірақ қанша жуынғанмен тазарғанын көрмейміз. Біраздан соң бәрі қайта қалпына түсіп, шаң басады. Авторлық таным тән тазалығы емес, жан тазалығы қажет. Тәнімізді тазартқанда, жанымызды тазартуды да ұмытпалық деп ой түйіндейді.

«Ол қатты тоқып жүр. Жапырақ жасамылады, бірақ одан жылу жоқ. Қалың орманда маңын қайдан атып, қайдан бататыны да белгісіз. Орманнның бәрі батпақ. Оның жасалаңаш тәні де батпақ...» [144, 44].

Сонымен қазақ әңгімесіндегі виртуальды образдардың бейнелену формаларының өзі әртүрлі.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ әңгімесіндегі виртуальды әңгімелер желісі өзіндік соны өрнектері, жаңа ой түйіндерімен ерекшеленеді. Бұл тақырыпқа қалам сілтеген қаламгерлер қатары әртүрлі болғандарымен, айттар ойлары, көтеріп отырған авторлық танымдары бір. Тамыр өзегін сонау фольклорлық шығармалардан алып, бүгінгі күнге дейін өз өміршенідігін жоймаған бұл тақырып қай кезде де, қай ғасыр қойнауында соны болмақ.

ӘДЕБІЕТ

1. Шапай Т. Қазақтың жаны. Астана: Елорда.2001. -284 бет.
2. Батпанов Е. «Жанымдай көретінім жауым екен» // Ана тілі. №42 (983) 2009. 22-28 қазан.
3. Шойбекова Г. Өмір сүру ережесі. – Алматы: Құс жолы, 2008. -240 б.

Резюме

Рассмотрены виртуальные образы в современной казахской прозе.

Summary

The article is considered virtual figure in modern kazakh prose